

**Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 "Жер салығы ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 шілдедегі N 5-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 тамызда N 3883 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 маусымдағы № 28-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.06.2018 № 28-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 "Жер салығы ставкалары туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 6 тамызда № 13-4-105 тіркелген және "Дала дидары" газетінің 2010 жылғы 14 тамызда № 34 және "Ақжар-хабар" газетінің 2010 жылғы 14 тамызда № 34 жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы" Кодексінің 386 бабы 5 - тармағына, 387 бабы 1 - тармағына және 444 бабы 1 - тармағына сәйкес (Салық кодексі) Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:"

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының  
Ақжар аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*М.Жұмабаев*

*Солтүстік Қазақстан облысының  
Ақжар аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*А.Хоршат*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қазақстан Республикасы  
қаржы Министрлігінің  
мемлекеттік кірістері*

Комитетінің  
Солтүстік Қазақстан облысы  
бойынша мемлекеттік  
кірістер департаментінің  
Ақжар ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістері  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы  
2016 жылғы 26 шілде

Ж.Батыргужинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК